Негіздеме

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының 32 бабының 12 тармағына сәйкес, көрнекті ғылым, мемлекет, мәдениет қайраткерлерінің өмірімен байланысты объектілер материалдық мәдени құндылықтар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 13 мамырдағы «Қазақстан Республикасының музей қорын қалыптастыру және күтіп ұстау қағидаларын бекіту туралы» № 129 бұйрығының 2 тармағының 2.1 және 5.1 тармақшасына сәйкес, Қор сатып алу комиссиясының оң шешімінің негізінде ұсынылған мәдени құндылықтар – суретші-реставратор, Қазақстан Республикасының Суретшілер одағының мүшесі, «Зерлеу» үйінің негізін қалаушы Айжан Абдубаитованың ер адамның ұлттық киім жиынтығы.

Айжан Абдубаитова 1990-шы жылдардың басында ұмытылған өнер түрін – алтын жіппен кестелеп-тігуді жаңғыртуды қолға алған алғашқылардың бірі. Кестелеу ежелден келе жатқан өнер түрі. Қазақтар мерекелік киімдерді, бай-қуаттыларға арналған тұрмыстық заттарды, соның ішінде төсек-орындарды осындай керемет әдіспен безендірді.

А. Абдубаитова XV–XIX ғасырлардағы ұлттық қолданбалы өнердің ұмытылған түрлерін қалпына келтіре отырып, зерттеумен де айналысып келеді. Ол тарихи дәлдікпен хан киімін, Жәңгір ханның әскери киімін, ханша Фатиманың бешметін, Қожа Ахмет Ясауидің қабір жамылғысын және қазақ байлары киген басқа да киімдерін қайта жасап, кестелеген.

Қазақ халқының қол өнері көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Қазақ халқының киімдерінде қаншама жылдардың көшпелі, жартылай отырықшылдық және отырықшылдық тұрмыстарының көркем өнеркәсіпшілік жетістіктері мен негізгі принциптері жинақталған. Көшпелі қазақтардың ішкі-сыртқы киімдері жүріп-тұруға, көшіп-қонуға ыңғайлы етіп тігіліп, негізгі түрлерге бөлініп келген.

Ұлттық киім – бай тарихи-мәдени мұра, бізге жеткен материалдық мәдениеттің жетістігі.

Киімдер этникалық, экономиялық және климаттық жағдайлар ескеріліп, ежелгі дәстүрлер бойынша тігіледі. Қазақтарда ішкі, сырттық, сулық, бір киер, сәндік және кейбірінде салтанат-ғұрып киімдері болады.

Ұсынылып отырған ер адамның ұлттық киім үлгісі – хандар мен байлар киген киім. Шапан, басына киетін мұрағы, бөрігі, жейдесі мен жарғақ шалбары, аяқ киімі. Шапан – Абылай ханның шапанының түпнұсқасы негізінде тігілген. Шапан қою қызыл барқыттан тігіліп, алдыңғы екі өңірі, артқы жоғары бөлігі, жағасы мен екі жеңі толықтай зер жіппен көгеріс өрнектері қолмен кестеленген. Мұрақ (айыр қалпақ) – сұлтан Баймұхамед Айшуақовтың мұрағының негізінде тігілген көшірме. Айыр қалпақ конус пішінді, биік шошақ төбелі, етегі кең етіп қайырылған. Бой киім: жарғақ шалбар ашық қоңыр түсті күдеріден тігілген. Жейдесі алтын түсті бәтес матадан. Етігі ашық қоңыр түсті былғарыдан тігілген.

Ер адамның ұлттық киім жиынтығы қазақ халқының дәстүрі мен мәдениеті, этнографиясы мен тарихына қатысты ұсынылып отырған музейлік мәні бар заттардың тарихи, музейлік құндылығы жоғары.

Бас қор сақтаушы **Р.Тұрсымбекова**

Заттарды сатып алу туралы техникалық ерекшелік

№	Заттың атауы	Көлемі	Саны	Заттың сипаттамасы	Бағасы
1	Ер адамның ұлттық киім жинағы (көшірме): мұрақ (айыр қалпақ), бөрік, шапан, жейде, жарғақ шалбар, аяқ киім (1 жұп).	Өлшемі: 60 Өлшемі: 58 Өлшемі: 56-58 Өлшемі: 50-52	6	1.Мұрақ (айыр қалпақ) – сұлтан Баймұхамед Айшуақовтың мұрағының түпнұсқасы негізінде тігілген көшірмесі. Қою қызыл түсті барқытпен тысталған, конус пішінді, биік шошақ төбелі, етегі кең етіп қайырылған ер адамның бас киімі. Төрт сайдан тұрады. Сайлардың түйісіне және жиегіне зертаспа басылған. Сайларының төбесінен бастап етегіндегі түрмесінің шетіне дейін зер жіптен көгеріс өрнек кестеленген. Астары қою қызыл түсті матадан. Кесте 3% және 5% алтын құрамы бар алтын жалатылған "Зерлеу" техникасында толығымен қолмен жасалған және ҚР музейлерінің қорында сақталған мұрақ, 17-19 ғасырлардағы дәстүрлі бас киімдердің аналогтарын орындау технологиясына дәл сәйкес келуі тиіс. Барқыт, 3% және 5% алтын құрамы бар алтын жалатылған зер жіп, кестелеу. 2.Бөрік – ер адамның бас киімі. Қою қызыл барқытпен тысталған, дөңгелек пошымды, жалпақ төбелі. Төрт сайдан тұрады. Төбесіне зер жіптен көгеріс өрнек кестеленген. Керегесінің етегіне құндыз терісі жұрындалған. Кесте 3% және 5% алтын құрамы бар алтын жалатылған "Зерлеу" техникасында толығымен қолмен жасалған және ҚР музейлерінің қорында сақталған бөрік, 17-19 ғасырлардағы дәстүрлі бас киімдердің аналогтарын орындау технологиясына дәл сәйкес келуі тиіс. Барқыт, 3% және 5% алтын құрамы бар алтын жалатылған зер жіп, қол жұмысы, құндыз терісі, кестелеу. 3.Шапан –Абылай хан шапанының түпнұсқасы негізінде тігілген көшірме. Шапан қою қызыл түсті барқыттан, астары қоңыр түсті матадан тігілген. Пішімі трапеция пошымды, етек шалғайы кең, ұзын жеңді. Жеңі астынан қусырылған және таяздау келген жең ойындысына қондырылған. Өңірі, алдыңғы өңірдің етегі және жеңінің аузы айналдыра және арқасына зер жіппен көгеріс өрнектер кестеленген. Етегінің екі жаны жырылған. Кесте 3% және 5% алтын құрамы бар алтын жалатылған "Зерлеу" техникасында толығымен қолмен орындалған және 17-19 ғасырлардағы дәстүрлі шапандардың, ҚР музей қорларында сақталған шапандардың аналогтарын орындау технологиясына дәл сәйкес келуі тиіс. Барқыт, 3% және 5% алтын құрамы бар алтын жалатылған зер жіп, қол жұмысы, кестелеу. 4.Жейде – ер адамның бой киімі. Жейде жылтыр ашық қоңыр түсті бәтес матадан тігілген. Тік жағалы, ұзын жеңді. Жеңін астынан қусырылып тігілген. Жеңі ұшына қарай тарылып келіп, әдіппен бітеді. Өңірінде тамағынан кеудесіне дейін шыртылдақпен бекітілетін жырығы бар. Жейденің тігілу пішімі мен үлгісі ҚР музейлер қорында сақталған 17-19 ғасырлардағы дәстүрлі жейделердің аналогтарын орындау технологиясына дәл сәйкес келуі керек. Мата: бәтес, машинкалы тігіс.	5 500 000 тг

Техническая спецификация по приобретению предметов

№	Наименование предмета	Размер	Кол-во	Описание предмета	Стоимость
1	Реплика казахского парадного мужского костюма состоит из: головные уборы мұрақ и бөрік, чапан, рубашка, штаны – жарғақ, сапоги (1 пара)	Размер: 60 Размер: 58 Размер: 56-58 Размер: 50-52	6	1.Мұрақ – церемониальный мужской головной убор, реплика мурака прнадлежавший султану Баймухамеду Айшуакову. Из бордового бархата, с конусообразной тульей с уплощенной макушкой и широкими отгибающими полями, окантованными узкой золотистой тесьмой. Украшен растительными мотивами в виде повторяющихся вертикальных орнаментированных полос. На широких полях расположены несколько крыловидных элементов в растительными отростками. Вышивка выполнена полностью вручную в технике «Зерлеу», позолоченной канителью с содержанием 3% и 5% содержания золота, и должна в точности соответствовать технологии исполнения аналогов традиционных головных уборов 17-19 веков, мұрақ сохранившихся в фондах музеев РК. Бархат, канитель, золотая нить, ручная работа, золотое шитье, гладь. 2. Бөрік – мужской головной убор с меховой опушкой. Цилиндрической формы, верх из бархата бордового цвета, с плоской круглой макушкой. Снаружи пришита отдельно скроенная широкая полоса околыша, отороченная мехом норки. Вышивка выполнена полностью вручную в технике «Зерлеу», позолоченной канителью с содержанием 3% и 5% содержания золота, и должна в точности соответствовать технологии исполнения аналогов традиционных головных уборов 17-19 веков, бөрік сохранившихся в фондах музеев РК. Бархат, канитель, золотая нить, норка, ручная работа, золотое шитье, гладь. 3.Распашной шапан – реплика шапана Абылай хана. Свободного покроя сшит из бархата бордового цвета, рукава длинные втачные, по бокам изделия два разреза. По бортам, низу шапана, а также краям его рукавов золотошвейные узоры в виде непрерывного волнистого стебля с листьями. С внутренней стороны – непрерывный узор из тонких спиралевидных завитков. На спине шапана вышита крупная розетка с растительными элементами. Подклад из коричневой ткани. Вышивка выполнено полностью вручную в технике «Зерлеу», позолоченной канителью с содержанием 3% и 5% содержания золота, и должна в точности соответствовать технологии исполнения аналогов традиционных чапанов 17-19 веков, чапан сохранившихся в фондах музеев РК. Бархат, канитель, золотая нить, золотое шитье, гладь. 4.Рубашка – из батиста золотистого цвета. Стойка воротник. Рукав одношовный втачной в пройму, сужающийся к кисти, присборенный на манжете. Исторический крой и фасон должен в точности соответствовать технологии исполнения аналогов традиционных рубашек 17-19 веков, сохранившихся в фондах музеев РК. Батис, шитье.	5 500 000 тг

		Өлшемі: 50-52 Өлшемі: 42.		5.Жарғақ шалбар – ер адамның бой киімі. Шалбар қоңыр түсті күдеріден тігілген. Іші қара түсті. Балақтарына біз кестемен ақ, ашық қоңыр түсті жіптермен көгеріс және геометриялық өрнектер кестеленген. Шалбар балағының төменгі екі жаны жырық, жиегіне қоңыр-ала таспа тігілген. Белі ашық-сары матамен көмкерілген. Тігілу пішімі мен үлгісі ҚР музейлер қорында сақталған 17-19 ғасырлардағы дәстүрлі шалбардың аналогтарын орындау технологиясына дәл сәйкес келуі керек. Күдері, мата, кесте, тігу. 6.Құрым етік – ер адамның аяқ киімі. Қоңыр түсті былғарыдан тігілген. Өкшесі аласа. Конышы кең, алдыңғы жағы биіктеу, балтырға қарай қиғаш ойылған. Қонышы мен өкшесі бірге, ал керсені (басы) жеке пішілген. Қонышының сыртқы жақтарына әдемілік үшін дөңгелек пішінді қосымша тігілген. Өкшесі бірнеше қатар былғары тілімдерден қиюластырып салынған. Табанына шегелер қағылған. Пішімі мен үлгісі ҚР музейлер қорында сақталған 17-19 ғасырлардағы дәстүрлі етіктердің аналогтарын орындау технологиясына дәл сәйкес келуі керек. Былғары, металл, шыны, тігу.	

Бас қор сақтаушы **Р.Турсумбекова**

		Размер: 50-52 Размер: 42		5.Штаны мужские – жарғақ. Из замши светло-коричневого цвета. Внутрь черного цвета. Каждая штанина сшита из одного прямоугольного куска полотна, сложенного вдвое. Расшиты тамбурным швом с использованием растительного и геометрического узора. Исторический крой и фасон должен в точности соответствовать технологии исполнения аналогов традиционных штанов 17-19 веков, сохранившихся в фондах музеев РК. Замша, вышивка. 6. Сапоги хромовые – из светло-коричневой кожи, на каблуке. Голенище широкое, слегка сужено книзу. Внешние стороны голенища украшены круглой металлической бляшкой инкрустированная стеклом красного цвета. Носок овальный. Каблук из многослойной кожи. Подошва прибита металлическими гвоздями. Исторический крой и фасон должен в точности соответствовать технологии исполнения аналогов традиционных сапогов 17-19 веков, сохранившихся в фондах музеев РК. Кожа, металл, стекло, инкрустация, шитье.	

Главный хранитель **Р.Турсумбекова**